

ӘОЖ 340.1; 321.01

Д.М. Конирова

Маңғыстау гуманитарлы-техникалық университеті, Қазақстан, Ақтау қ.

E-mail: didi_90@inbox.ru

Адам құқықтарын қорғау механизмі

Андатпа. Жұмыста әркімнің құқық субъектісі ретінде танылу құқығы және өзінің құқықтары мен бостандықтары, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілмен қорғауға жататындығы көрсетілген. Адам құқықтарын қорғау механизмі – бұл адам құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін қанағаттандыру жолындағы кедергілерді жою мақсатында кезекті түрде ұйымдастырылған заңды құралдардың жүйесі.

Түйін сөздер: адам құқығы, адам бостандықтары, құқық қорғау механизмі, декларация, демократия, құқықтық мәртебе.

Адам құқығы – конституциялық құқықтың маңызды институты. Мемлекет ішіндегі құқық, сондай-ақ халықаралық құқық саласында ХХ ғасырдың ІІ жартысында ерекше дамып, адамзат құқығының дамуындағы елеулі қорытындыларының бірі болып табылды.

Адам құқықтарын қорғау механизмі – адам құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін қанағаттандыру жолындағы кедергілерді жою мақсатында кезекті түрде ұйымдастырылған заңды құралдардың жүйесі. Жалпы адам құқықтарын қорғау механизмінің мақсаты болып, адам құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерінің кедергісіз бағыт алуын қамтамасыз ету табылады. Құқықтық реттеу механизмі – заңдық құралдардың жүйесі, олардың көмегімен қоғамдық қатынастарға құқықтық әсер ету жүзеге асырылады, құқық субъектілерінің мүдделері қанағаттандырылады. Құқықтық реттеу механизмі элементтерінің құрамына құқықтық норма, құқықтық қатынастар, жеке құқықтық актілер, құқықтық тәртіп пен құқықтық сана кіреді [1].

Мемлекетте демократияның басты негізі адамның, жеке тұлғаның құқықтық жағдайы болып табылады. Сондықтан да адам құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау механизміне нормативтік-құқықтық актілер жатады. Барлық қазіргі

заманға сай конституциялар, оның ішінде Қазақстан Республикасының Конституциясы да бұл мәселеге ерекше назар аударады. Көпшілігінде адам және азамат құқықтары мен бостандықтары алғашқы бөлімдерде келтірілген, бұл мемлекеттің жеке тұлғаның құқықтық жағдайына қаншалықты қарым-қатынаста болатындығын көрсетеді. Көпшілік мемлекеттер Конституциясымен қатар оның құрамдас бөлігі ретінде негізгі құқықтар мен бостандықтарды жеке құжаттарда көрсету орын алады. Бұған, атап айтқанда, 1789 жылғы француздың «Адам мен азамат құқығы декларациясын», 1982 жылғы канадалық «Құқық пен бостандық хартиясын», 1992 жылғы «Негізгі құқықтар мен бостандықтар хартиясын» жатқызуға болады. Бұл қадам басқа да конституциялық жағдайлардан жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын бөліп алып қарастыруға мүмкіндік береді [2].

1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Конституция адамның, жеке тұлғаның құқықтық мәртебесін реттеуде ірі қадамдардың бірі болды. Ол тек адам құқықтары облысында халықаралық құжаттардың ойларын ғана емес, сонымен қатар елдегі әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайлардың конституциялық дамуының бұрынғы тәжірибесін де есепке алды. Конституциялық құқықтар мен

бостандықтарды қазіргі уақытта қорғау жүйесі көп деңгейлі сипатта көрінеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы ең жоғары құндылық ретінде адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп бекітті. Бұл қағида – демократиялық мемлекеттің қызметі мен оның халықаралық-құқықтық міндеті. Конституцияда бекітілген жеке тұлғаның құқығы оны жүзеге асыру мен қорғаудың тиімді механизмін құруды болжайды. Адам құқығы, оны сақтау мен кепілдік беру – бүгінгі таңдағы маңызды мәселелердің бірі. Адам құқықтарын сақтаудың шындық жағдайы – демократияның маңызды көрсеткіші, оның кемеліне келуі мен руханилығының белгісі.

Адам және азаматтың конституциялық-құқықтық мәртебесі институты төмендегідей элементтерді қамтиды:

а) адам және азаматтың құқықтық мәртебесінің мән-маңызын құрайтын конституциялық құқықтар, бостандықтар және міндеттер;

ә) адам мен мемлекет арасындағы қарым-қатынастарды, сондай-ақ адамның қоғамдағы және конституциялық құқықтың басқа субъектілер арасындағы жағдайларды сипаттайтын адам және азаматтың мәртебесінің конституциялық принципі [3].

Сонымен қатар конституциялық құқықтар, бостандықтар мен міндеттерді жүзеге асыру объективтік және субъективтік факторлардың бірлігіне де байланысты. Демократиялық қоғам құру жолындағы Қазақстан үшін аталған мәселені шетелдік тәжірибені қолдана отырып шешу тиімдірек екені сөзсіз. Қазақстан Республикасының халықаралық байланыстары, мемлекет азаматтарының шетел азаматтарымен арасындағы қарым-қатынасы бұл тәжірибеге әсерін тигізіп қана қоймайды, сонымен бірге оған ылғи да жол ашуды көздеп отырады.

Адам құқығы – қазіргі замандағы өзекті мәселелердің бірі. Мемлекет те, партия да, жеке лауазымды тұлға да емес, жеке қарапайым адам өзінің құқықтары мен бостандықтары арқылы кез келген қызмет ортасында болуы керек. Адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарына қол сұғылмайды және ол адамның туған сәтінен бастап өзіне тиесілі.

Кез келген адам мен азамат негізгі құқықтар мен бостандықтарды пайдалана алады. Демократиялық құқықтық мемлекеттің заңдылықтары адам және азаматтың құқықтары

мен бостандығының теңдігіне, яғни оның ұлтына, нәсіліне, жынысына, тіліне, мүлкілік және қызметтік жағдайына қарамастан кепілдік береді, тілдік, діндік, ұлттық, нәсілдік, әлеуметтік белгілеріне қарамастан оның құқықтарына шек қоюға тыйым салынады.

Адам қоғамы мыңдаған жылдар бойы сонау көне дәуірден қазіргі заманға дейін әлеуметтік нормалар арқылы басқарылып келді. Сондықтан жеке адамның құқығы мен бостандығы туралы теорияның мыңдаған жылға созылған тарихы және мол тәжірибесі бар.

Адам құқығы – тарихи, табиғи, объективтік құбылыс. Сондықтан әлеуметтік норма әр уақытта даму процесінде болады. Әлеуметтік норма адам қоғамымен бірге дамып, бірге өзгеріп, бірге өмір сүріп келеді. Қоғам дамып, нығайып, жақсарған сайын әлеуметтік норма да дамып, нығайып жақсарады, оның әділеттік, бостандық, демократиялық шеңбері де, кеңістігі де молаяды, күрделенеді [4].

Жалпы, адам құқығын қорғап, бостандығын ардақтау азаматтардың лайықты өмір сүруіне жағдайды қалыптастыру – әлемдік қауымдас-тыққа көшін ұластырған Қазақстанның алдына қойған мақсаты [5]. Қазақстан Республикасы адам құқықтарын қорғау саласында оң қадамдар жасауда. Біздің республикамыз келешекте де адам құқығы жөніндегі айтулы халықаралық, экономикалық, әлеуметтік және саяси пактілерге қосуға бет бұрып, үнемі басты назарда ұстауға кепілдік береді.

Мақаланың өзектілігіне әркімнің құқық субъектісі ретінде танылу құқығы және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілмен қорғау жатады. Адам құқықтарының ерекше құқықтар ретінде қабылдануы үшін біздің бірінші ұсынысымыз – әр түрлі мәдениеттегі қоғамдарда танылған «адам құқықтары» деген сөз тіркесінің барлық қоғамда, еш өзгеріссіз, әмбебап адам құқықтары ретінде қабылдануы, бірақ қоғамдағы құқық саласында қолданылып жүрген терминдерді түсіндіру.

Халықаралық құжаттарда және қазақстандық заңдарда мынадай екі ұғым қолданылады: «адам құқығы» және «адам бостандығы». Заң тұрғысынан адам құқығы мен адам бостандығының бір-бірінен айырмашылығы жоқ. Дегенмен белгілі бір өзгешеліктері бар.

Мұны осы екі ұғымның анықтамаларын салыстыра отырып байқауға болады.

Адам бостандығы – бұл мемлекеттің араласуы тиіс емес қызмет салалары. Ол тек құқықтық нормалар арқылы солардың шеңберінде адамның өз қалауы бойынша іс-әрекет етуін белгілейді. Мұндайда мемлекет нақты адамның бостандығына араласпауы тиіс, сондай-ақ мемлекет бұл бостандықтардың басқа тұлғалардың араласуынан қорғалуын қамтамасыз етуі тиіс.

Адам құқығы – заңда көрсетілген саладағы мемлекет белгілеген және кепілдік беретін адамның мүмкіндіктері мен өкілеттіктері. «Адам бостандығына» қарағанда «адам құқығы» терминінің аясында адам қызметінің нақты бағыты бекітіледі. Мемлекет заңда көрсетілген салада адамның іс-әрекеттерінің заңдылығын қамтамасыз етуге және қорғауға міндеттеме қабылдайды.

Адам құқығы және бостандығы адамның құқықтық мәртебесін белгілейтін, оның жағдайын бекітетін, жеке тұлғалар арасындағы өзара қарым-қатынасты, адамның және мемлекеттің қатынастарын бекітетін халықаралық және ұлттық нормаларының жүйесін білдіреді. Адам құқығының және бостандығының объективті түрдегі анықтамасы осындай. Субъективті түрде адам құқығы және бостандығы нақты тұлғаға тиесілі құқықтық нормалар мен көзделген мүмкіншілігі (өкілеттігі), мемлекет қорғайтын іс-әрекеті ретінде анықталады.

Адам құқығы табиғи қасиетке ие және жеке адамнан ажырамайды, олар аумақтық немесе ұлттық шеңбермен шектелмейді, халықаралық құқықтық реттеу және қорғау объектісі ретінде мемлекеттің заң актілерінде бекітілгенге қарамастан тәуелсіз болып табылады. Олар адамды сипаттап және оның қалыпты өмір сүруіне қажетті жалпы әрі негізгі өкілеттіктері саналады. Адам құқығы мемлекеттің нақты заң актілерінде белгіленген жағдайда олар осы мемлекет азаматының құқықтары болып есептеледі.

Азаматтық құқық деп қоғамның және мемлекеттің даму барысында жасалған және пайда болған табиғи өкілеттіктерінің мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерде көрініс табуын айтамыз. Азаматтық құқық міндетті түрде конституциялар мен басқа заң актілерінде белгіленеді және мемлекет оны жария етіп әрі

олардың қорғалуын қамтамасыз етеді. Олар адамды мемлекеттік ұйымдасқан қоғамдастықтың мүшесі екендігін білдіреді.

Бұл екі құқық санаты әдетте бір тұрғыдан еске алынады, дегенмен олардың мазмұны бірдей емес. Адам құқығы қай елдің азаматы екендігіне, сол елде тұратындығына немесе тұрмайтындығына қарамастан барлық адамдарға тән, ал азаматтық құқық белгілі мемлекеттегі адамның сол мемлекетте тұрғандығына байланысты бекітілген құқықтарын кіргізеді. Әрбір азамат қандай да болмасын мемлекетте жалпыға бірдей адам құқықтарына және осы мемлекет мойындаған азаматтық барлық құқықтардың жиынына ие. Сондықтан құқықтар мен бостандықтардың екі тобын біріктіретін «азаматтық құқықтар және бостандықтар» термині заңды болып табылады. Бұл құқықтар мен бостандықтар адамның негізгі құқықтық мәртебесін білдіреді. Олардың көпшілігі абсолюттік сипатта, яғни тек қана ажыратқысыз болып табылмайды, сонымен қатар олар шектелуге жатпайды.

Адам құқықтары мен бостандықтары тек қана бір мемлекеттің ісі емес, бүкіл халықаралық бірлестіктің субъектісі болып табылады. Адам құқығы саласындағы жалпы танылған халықаралық нормалар қазір ұлттық заңдарды қалыптастырудың негізі болып табылады. Сондықтан да мемлекет ішіндегі адам құқығын қорғау механизмі, халықаралық құқық нысандарымен қамтамасыз етілуімен тығыз байланысты. Адам құқығын қорғау жөнінде нормалар қабылдаған халықаралық ұйымдар адам құқығының бұзылмауына жол бермеуге нақты механизмдер қарастырды. Егер мемлекет ішінде құқықтық көмек құралдары болмаған жағдайда, халықаралық құқық көзқарасы бойынша және әрбір адам өзінің мемлекетінің халықаралық шарттары бойынша, адам құқығы мен бостандығын қорғау мемлекет аралық органдарынан көмек алуға болады. Адам құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау жайында, қоғамдық тәртіпті сақтауда, адам құқықтары мен бостандықтарын, адам денсаулығы мен ар-абыройын қорғау негізінде заңда көрсетілген жағдайда ғана шектеледі. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын саяси ниетпен шектеуге жол берілмейді

Әдебиеттер

- 1 Булгакова Д. Мемлекет және құқық теориясы. – Алматы: Заң әдебиеті, 2004. – 103-104 бб.
- 2 Сапарғалиев Ғ. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы: академиялық курс / өнд. толық. 2-бас. – Алматы: Жеті жарғы, 2008. – 45 б.
- 3 Кенжалиев З.Ж., Ким В.А. Қазақстан Республикасының конституциялық заңнамасының дамуы. 3-бөлім. – Алматы: Қазақ университеті, 2008.
- 4 Шәкіров А. Адам құқықтары – ең басты құндылығымыз // Егемен Қазақстан. – 10 желтоқсан 2010.
- 5 Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің 2011 жылғы қызметі туралы есебі // Астана, 2012. – 9-11 б.

References

- 1Bulgakova D. Memleket zhane құқық теориясы. – Алматы: Zan әdebieti, 2004. – 103-104 Bb.
- 2 Saparǵaliev F. Kazakhstan Respublikasynuñ Konstitutsiyalyқ құқығу: akademiyalуқ cursum / өнд. toлық. II-basylym. – Алматы: Zheti Zhargy 2008 g. – 45b.
- 3 Kenzhaliev Z.Zh., Kim V.A. Kazakhstan Respublikasynuñ konstitutsiyalyқ zaңnamasynuñ domine. III-bөlim. – Алматы: Kazakh universiteti, 2008.
- 4 Shәkirov A. Adam құқықтары – ең Busta құндылығымыз // Egemen Kazakhstan. – 2010, 10 Zheltoksan.
- 5 Kazakhstan Respublikasyndaғу Adam құқықтары zhөnindegі uәkildің 2011 zhylyғу қызmeti турaly esebi // Astana, 2012. – 9-11b.

Д.М. Конирова

Механизм защиты прав человека

Механизм защиты прав граждан действует в определенном политическом, социальном, социально-психологическом контексте, который может снижать эффективность правозащитных институтов либо, напротив, усиливать их действие. Самые совершенные юридические механизмы и процедуры будут бессильны в условиях нестабильной политической ситуации, разваливающейся экономики, потери ценностных ориентиров, моральной деградации, социальной и национальной конфронтации. Такие неблагоприятные условия сложились в настоящее время в обществе. Поэтому работа, связанная с совершенствованием юридических способов защиты прав и свобод граждан, неотделима от проведения системы мер, направленных на нормализацию обстановки в стране. Проведение таких мер должно опираться на анализ причин сложившейся неблагоприятной ситуации и на определение способов ее преодоления.

Ключевые слова: права человека, свободы человека, механизм защиты прав, декларация, правовой статус.

D.M. Konirova

The mechanism of protection of human rights

The mechanism of protection of civil rights acts in a political, social, socio-psychological context, which may reduce the effectiveness of human rights institutions or, conversely, increase their effect. most sophisticated legal mechanisms and procedures will be powerless in the unstable political situation, the collapsing economy, the loss of values, moral degradation, social and national confrontation. These adverse conditions have developed in the present society. Therefore, the work associated with the improvement of the legal means of protecting human rights and freedoms is inseparable from the system of measures to normalize the situation in the country. For such measures must be based on analysis of the reasons for this unfortunate situation and to identify ways to overcome it.

Keywords: human rights, freedoms, rights mechanism, the declaration, the legal status.